## Құттықтаймыз!

**Аяулы апамыз, ұлағатты ұстаз Қарлығаш Әминқызы Шаймерденова мерейлі 80 жасқа толып отыр.**



Қарлығаш Шаймерденова ғұмырының қырық жылын ұстаздық жолға арнап, талай адамның қалыптасуына, білім алуына, Отанына адал қызмет етуіне себепші болды. Ал оның шәкірттері тек білім алып қана қоймай, бойына адалдықты, еңбекқорлықты, адамгершілікті және шыңдыққа сүйіспеншілікті сіңірді.

Қарлығаш Әминқызы - тек білім жолында еңбек еткен ұстаз емес. Ол - бір әулеттің тірегі, шаңырақтың шамшырағы. Ол ұрпағына тек өмірлік сабақ беріп қоймай, ізгілік, сабырлылық, адалдық пен еңбек ету мәдениетін бойына сіңірді. Сондай-ақ, үлкен апамыз ретінде бізге қамқоршы, кеңесші болды.

Бүгінде өсіп-өркендеген ұрпағыңыз - сіздің даналығыңыз бен еңбегіңіздің нақты жемісі. Сіз ұрпаққа, шәкірттерге және барша қауымға өмірлік бағдар, өнегелі үлгі болдыңыз. Сіздің өнегелі ғұмырыңыз - тек отбасы үшін емес, қоғам үшін де бағалы қазына, жүректерде мәңгі сақталатын асыл мұра.

Ізгі тілекпен,
**Өмірзақовтар әулеті.**

(1838)

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС Маясалғанның жер қойнауы учаскесінің тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлері туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар **2025 жылғы 24 қазан сағат 11:00-де** Әлкей Марғұлан селолық округінің Әлкей Марғұлан ауылы, Марғұлан к-сі, 1 мекенжайында орналасқан Әлкей Марғұлан атындағы әкімдік аппаратының ғимаратында өтеді, Екібастұз қалалық әкімшілігі, Павлодар облысы. Географиялық координаттары: 50°59'56,42" солтүстік ендік, 74°01'36,48" шығыс бойлық.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: https://us04web.zoom.us/j/72399534927?pwd=Eb89NQKzpTUDJW6bs7eKpExqCoD2mM.1

Конференция ID: 723 9953 4927.

Кіру коды: 82JnuS.

Барлық мүдделі тұлғаларды қатысуға шақырамыз.

Тұтынушы: Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Fonet Er-Tai AK Mining» ЖШС, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Әлкей Марғұлан селолық округы, Әлкей Марғұлан ауылы, Аяқ-Қожан өндірістік аймағы, 25-құрылым, БСН 070440000551, бас директор - Д.Мавлен, байланыс телефоны: **87018732215, e-mail: a.maulimova@yertai.kz.**

Әзірлеуші Маясалғанның жер қойнауы учаскесінің тау-кен жұмыстарының жоспары үшін ықтимал әсерлер туралы есеп: «Industrial Research» ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5, 504-пәтер, БСН 150740026602, өкілі - В.С.Куденко, байланыстар: тел. **87057086573, e-mail: v.kudenko@yertai.kz.**

Жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады: **https:// ndbecology.gov.kz /** және **https://www.gov.kz/memeket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=ru** «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жобаға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: **v.kudenko@yertai.kz, info@sbk-eng.kz** және денелер бойынша: **+7 771 180 3481, +7 701 255 7560.**

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б; электрондық мекенжайға: unosvr@mail.ru және **8 (718) 2-32-16-81** телефоны бойынша.

(20128)

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Еуроазиялық энергетикалық корпорация» АҚ «ЕЭК» АҚ электр станциясының №3 күл үйіндісінің жер қойнауы кеңістігін пайдалану салдарын жою жоспары бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Тыңдаулар қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында өткізіледі **https://hearings.ndbecology.gov.kz 29.09.2025 жылдан бастап** он жұмыс күні ішінде.

Материалдармен **https://hearings.ndbecology.gov.kz.** сайтында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар сілтеме бойынша қабылданады: **https://hearings.ndbecology.gov.kz** Павлодар облысы, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б, «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, тел. **+7(7182)32-16-81, e-mail: unosvr_15.07.2025@mail.ru.**

Қосымша ақпаратты «АлГеоРитм» ҰКП ЖШС әзірлеушісінен алуға болады: **info@algeoritm.kz,** тел. **+7(7212)252345.**

(20129)

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Павлодар облыстық филиалы «Орталық - Шығыс дәлізі «Астана - Павлодар - Қалбатау - Өскемен», 419-432 км «Павлодар - Семей» автомобиль жолының учаскесін реконструкциялау. «ЖПУ-62 салу (өндірістік база)» жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жоба бойынша құжаттама орналастырылған сайттың мекенжайы, сондай-ақ ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын сілтеме: **https://ndbecology.gov.kz/.** Ақпарат **2025 жылдың 26 қыркүйегінен бастап** бес жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

(1839)

МӘДЕНИЕТ

**20 қыркүйекте Павлодар қалалық Орталық жағалаудың «Ertis Promenade» сахнасының кезекті маусымының салтанатты жабылуы өтеді. Онда эстрада жұлдыздары Turar, R-ONE, VSXV PRINCE және кеш қонақтары Elman, Mona, Алексей Чумаков өнер көрсетпек.**

# Маусымды қорытындыламақ

Павлодар қалалық әкімдігінің мәліметінше, аталмыш концерт 20 қыркүйек күні сағат 18.00-де басталады. Концертте қазақстандық және шетелдік эстрада жұлдыздары облыс тұрғындары үшін белгілі әндерін орындайды.

- Бұл кеш көрерменге ерекше көңіл-күй сыйлап, әуен мен жарқын эмоцияға толы болады деп күтілуде. Кеш қонақтары - Turar, R-ONE, VSXV PRINCE, ал арнайы әншілер қатарында ELMAN, MONA, Алексей Чумаков сынды әртістер бар, - дейді ұйымдастырушылар.

Осылайша павлодарлықтар бір сахнада түрлі музыкалық жанрдағы танымал орындаушылардың өнерін тамашалай алады.



**А.ЖЕҢІСҚЫЗЫ.**

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ

**Аймағымызда жедел жәрдем фельдшері жүкті әйелді үйде босандырды. Шұғыл шақырту кешкі уақытта Павлодар ауданына қарасты Шақат ауылынан түсті.**

# Үйде туған сәби



Қоңырау шалған адам 24 жастағы жүкті туысының толғағы басталғанын айтқан. 103 қызметі оқиға орнына бара жатқан кезде станция диспетчері телефон арқылы жүкті әйелдің жанындағы адамдарға қалай көмектесу керектігі жөнінде кеңес берді. Мамандар 9 минут ішінде жетеді. Жедел жәрдем фельдшері әлгі әйелді үйде босандырды. Білікті маман сәбидің өмірге аман-есен келуіне жәрдемдесіп, шақалақты анасының құшағына жатқызды.

- Павлодарлық 103 қызметінің кез келген маманы шұғыл жағдайда дұрыс әрекет етуді біледі. Бұл ретте станция базасында халықаралық стандарттар бойынша сертификатталған жаттықтырушылар мен Ұлттық шұғыл медициналық жәрдем үйлестіру орталығының мамандары қатысатын оқу курстары тұрақты өткізіледі. Жедел жәрдемнің барлық дәрігері мен фельдшері білімдерін жетілдіреді, – дейді облыстық жедел жәрдем станциясы басшысының орынбасары Ирина Мищенко.

Бойы 53 см, салмағы 3 келі қыз бала анасымен бірге облыстық перинаталдық орталыққа жеткізілді.

**А.АСҚАРҚЫЗЫ.**

Мерзімді баспа басылымдары тиісті уақытында жеткізілмеген жағдайда мына телефондар арқылы хабарласыңыздар: «Ертіс Медиа» ЖШС **66-15-41,** «Қазпошта» АҚ ПОФ-тың жазылу бөлімі: **32-40-37, 32-49-93** және сенім телефоны: **32-35-35.**

### Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ 2026 жылға арналған басқа да аралық кесулер жүргізуді жоспарлайды.

Белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішпен **2025 жылғы 15 қыркүйектегі** Бірыңғай экологиялық порталда **https://ecoportal.kz/** «Жоспарланған қызмет туралы өтініш» айдарында және Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының **https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=kk** сайтында «Белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштер бойынша ресми хабарламалар» айдарында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың аяқталу күні - **06.10.2025 ж.**

Ескертулер мен ұсыныстарды «Павлодар облысы бойынша экология департаменті» ММ **pavlodar-ekodep@ecogeo.gov.kz** электронды мекенжайына немесе Павлодар қ., Олжабай батыр көшесі, 22 (Павлодар облысы бойынша экология департаменті), телефон **+7(7182) 532354** қабылдайды.

(20130)


SARYARQA SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

**«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі** (Павлодар қаласы) **«Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті**

Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №KZ17VPY00084792 куәлігі берілген.

**Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпыұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.**





**ЖШС директоры Руслан БИЛЯЛОВ**

**Бас редактор Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ**

**Телефоны:** 66-15-30

**ЖШС-нің мекенжайы:** Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.

**Редакцияның мекенжайы:** 140000, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: **saryarka-samaly.kz**

Газеттің электронды поштасы: **ssamaly29@gmail.com.**
**Бас редактордың орынбасары** - 66-15-28.
**Жауапты хатшы** - 65-12-74.
**Әлеуметтік бөлім** - 66-14-64, 66-15-31, 66-15-32.
**Экономика, саясат**- 66-14-64, 66-15-28, 66-14-65.

**Жарнама бөлімі:** smi14reklama@gmail.com 66-15-42, 66-15-40.

**Маркетинг және тарату бөлімі** - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына бір рет шығады, осы нөмірдің таралымы 1652 дана, бүгінгі көлемі 8 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспаханасында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00. Тапсырыс - 972



Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.


Баспа индексі 55443.